

Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1715

Жабылатын шахталарда жою жұмыстарын жүргізу бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету және Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазан революциясының 50 жылдығы атындағы шахтаның жойылатын бөлігінің мүліктік кешенін заңдарда белгіленген тәртіппен "Қарагандаликвидшахт" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1996 жылдың аяғына дейін республикалық бюджетте кәсіпорындарды санациялау мен оңалтуға көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі арқылы:

Қарағанды көмір бассейнінің жабылатын шахталарының өмір немесе денсаулыққа келтірілген зиян үшін өтемдер төлеу, сондай-ақ жалақы бойынша жою өндірісі басталғанға дейін пайда болған берешегін өтеу бойынша түпкілікті есеп айырысу үшін "Қарагандаликвидшахт" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына 188413,3 мың (бір жүз сексен сегіз миллион төрт жүз он үш мың үш жүз) теңге сомасындағы қаражатты қосымшаға сәйкес;

"Қарагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына айналыс қаражатын толықтыру үшін 200 (екі жүз) млн. теңге сомасында және көмірді кепілге беріп, "Арман" және "Абай-Көмір ЛТД" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне жабдық сатып алу үшін 75 (жетпіс бес) млн. теңгеден несие ресурстарын бөлетін болсын.

3. Қарағанды облысы бойынша жекешелендіру жөніндегі комитет "Қарагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына кіретін шахталардың мүлкін сату жөнінде тендер өткізу шарттарында жаңа меншік иелеріне 200 (екі жүз) млн. теңге сомасында бөлінген қаражатты несие келісімінде белгіленген мерзімдерде қайтаруды ескерсін.

4. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.07.14. N 666 қаулысымен. P980666_

5. "Қарагандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының құрамына кіретін Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру туралы "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қазандағы N 1214 қаулысының 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджетте кәсіпорындарды санациялау үшін көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкісі арқылы "Қарағандашахтуголь" жабық үлгідегі акционерлік қоғамына оны оналтуға қайтарусыз негізде 286 млн. теңге бөлсін".

6. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы

18 желтоқсандағы N 574 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті осы қаулыға сәйкес бөлінетін қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 желтоқсандағы
N 1715 қаулысына
қосымша

Қарағанды көмір бассейнінің жабылатын шахталарының
жалақы және өмірге немесе денсаулыққа келтірілген зиян
үшін өтемдер төлеу бойынша жою өндірісі басталғанға
дейін пайда болған

БЕРЕШЕГІ

Шығыстардың атауы	Барлығы	Оның ішінде шахталар бойынша:
		Майқұдық Северная
1	2	3 4

Жалақы қосымша есептерімен

Барлығы 244678,1 14080,3 18495,0

Оның ішінде:

Жалақы, қосымша есептер мен салықтарды қоспағанда	166174,4	8360,8	9684,1
Бюджеттен тыс төлемдер	53175,7	2675,5	3098,9
Жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы	25328,0	3044,0	5712,0
Өмір немесе денсаулыққа келтірілген зиян үшін өтем төлеу	22238,9	4313,5	5546,9
Жиыны, қосымша есептер мен салықтарды қоса алғанда	266917,0	18393,8	24041,9
Жиыны, қосымша есептер мен салықтарды қоспағанда	188413,3	12674,3	15231,0

Дубовская | Топар | Шерубай-Нұра | Долинская | Қазан
| | | | революциясының
| | | | 50 жылдығы

5 | 6 | 7 | 8 | 9

3199,3	15904,2	17523,5	48806,4	126669,4
2226,0	10990,3	10284,5	32136,7	92492,0
712,3	3516,9	3291,0	10283,7	29597,4
261,0	1397,0	3948,0	6386,0	4580,0
-	3226,5	787,0	1065,0	7300,0
3199,3	19130,7	18310,5	49871,4	133969,4
2266,0	14216,8	11071,5	33201,7	99792,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК